10 ҚАРАША,
СЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№124 (23 738)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ОРАҚ – 2026

Ұқыптының ырысы ортаймайды

Күз – дала еңбегінің өтеуі қайтып, диқандардың жыл бойғы маңдай тері ақталатын мезгіл. Аймақ шаруалары да биылғы жиын-терінді тәмамдап, қамбаға құйылған өнімнің есебін түгендеді. Алайда, күзгі науқанның аяқталуы ауылдағы қарбаластың саябырсығанын білдірмейді. Алда келер жылдың егісіне әзірлік, тұқым қорын жасақтау және алты айға созылатын мал қыстату қамы тұр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында осы мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктелді.



Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында егін жинау науқанының қорытындысын облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Тюлюбеков баяндады. Оның мәліметінше, өңірде егін жинау жұмыстары толық аяқталған.

– Биыл 904,5 мың гектар алқаптан 750,8 мың тонна астық бастырылды. Сонымен қатар, 12,1 мың гектардан 321 мың тонна картоп, 1,02 мың гектардан 34,2 мың тонна көкөніс жиналды. Ал, 114,1 мың гектар майлы дақыл алқабынан 73,9 мың тонна өнім алынды. Әсіресе, картоп өсіруде жекелеген аудандардың көрсеткіші жоғары. Мәселен, Нұра ауданында әр гектардан 325 центнер, Бұқар жырау ауданында 295 центнер, Шет ауданында 285 центнер өнім жиналды, – деді Ануар Тюлюбеков.

Расымен, дала жұмыстарын ұйымдастыруда техникалық қамсыздандырудың маңызы зор. Биылғы жиын-терінге 1966 астық жинайтын, 78 картоп жинайтын комбайн, 64 картоп қазатын машина және 9,5 мыңға жуық өзге де техника жұмылдырылған. Сонымен қатар, егін жинау мен астық кептіруге бөлінген 19,3 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны шаруашылықтарға кестеге сәйкес толық жеткізілген.

Аграрлық салаға мемлекеттік қолдау да көрсетілді. Басқарма басшысының баян етуінше, биыл өсімдік шаруашылығы бойынша 7,6 млрд теңге мемлекеттік қолдау қаражаты төленген. Қаржы институттары арқылы 465 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші жалпы құны 22,2 млрд теңгеге 1123 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған.

Бұдан бөлек, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы «Кең дала» және «Кең дала – 2» бағдарламалары аясында 272 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге 15,9 млрд теңге несие берген. Бұл қаражат 2026 жылғы көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған.

– Облыста жиналған астықты сақтауға қажетті қуат жеткілікті. Астық қабылдау кәсіпорындары қалыпты жұмыс істеп тұр. Картоп пен көкөністі орналастыруға да мүмкіндік бар. Жалпы сыйымдылығы 155,4 мың тонналық бес лицензияланған астық қабылдау кәсіпорны және 82,6 мың тонна өнім сақтайтын үш лицензияланбаған кәсіпорын бар. Бұған қоса, шаруашылықтардағы 704 астық қоймасының жалпы сыйымдылығы 1,2 млн тоннаны құрайды. Ал, картоп пен көкөніс сақтауға арналған 143 қойма 357,8 мың тонна өнімді қабылдай алады. Сондықтан, биылғы өнімді сақтау бойынша мәселе туындап отырған жоқ. Ендігі маңызды міндеттердің бірі – келесі жылдың егісіне қажетті тұқым қорын қалыптастырып, оның сапасын уақытылы тексеру, – деді басқарма басшысы.

Бүгінде өңірде күзгі жер жырту жұмыстары жалғасуда. Жоспарланған көлемнің 87 пайызы орындалған. Сонымен қатар, тұқым қорын жинақтау және оның сапасын зертханалық тексеруге дайындау жұмыстары жүргізілуде.

➤ 2-бет

● ӨЗЕКТІ

Үстеме баға – бақылауда

Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына бақылау күшейтілді. Жыл басынан бері тексерілген 219 кәсіпкердің 198-і әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл – биылғы тоғыз айдың қорытындысы. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тексеру жұмыстары 56 пайызға көбейген. Мамандар әсіресе тауардың өндірушіден дүкен сөресіне дейінгі жолында негізсіз қымбаттауына жол бермеуге басымдық беріп отыр. Өйткені, заң бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке қосылатын сауда үстемесі 15 пайыздан аспауға тиіс.

Облыстың сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мәліметінше, биыл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізімі 31 атауға дейін кеңейтілген. Бұл күнделікті тұтынатын негізгі өнімдердің құнын қадағалауға мүмкіндік береді.

Бақылау шараларының ауқымы да ұлғайған. Мәселен, былтыр тоғыз айда 140 кәсіпкер тексерілсе, биыл олардың саны 219-ға жетті. Нәтижесінде заң талаптарын бұзған сауда субъектілеріне әкімшілік шаралар қолданылған.


Дегенмен, мәселе дүкен сөресіндегі бағамен ғана шектелмейді. Өнімнің бастапқы құны мен тұтынушыға жеткендегі бағасының арасында айтарлықтай айырмашылық болуы мүмкін. Оған тауарды жеткізу, сақтау және бірнеше делдал арқылы өткізу сияқты жағдайлар әсер етеді. Сондықтан, мамандар көтерме саудамен айналысатын кәсіпорындардың қызметіне ерекше назар аударып отыр. Жыл басынан бері облыста осы бағыттағы 50 компания тексерілген.

Бұған қоса, өңірде баға белгілеудің делдалдық схемаларын тексеру жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейді. Оның отырыстарында азық-түліктің жеткізушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысы сараланып, негізсіз үстеме қосу жағдайлары қаралады. Негізгі міндет – баға қалыптастыру тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, тауардың әр сауда буынында жөнсіз қымбаттауына тосқауыл қою.

Өз тілшімізден

Жасанды интеллект жауапты

Кез келген қаланың тұрақты дамуының басты шартының бірі – қоғамдық қауіпсіздік. Ал, оны қамтамасыз етуде заманауи технологиялардың әлеуеті айрықша. Бүгінде құқық бұзушылықтың алдын алу, күдікті әрекеттерді дер кезінде анықтау және тұрғындардың тыныштығын қорғау ісіне жасанды интеллект те белсенді араласа бастады. Қарағанды қаласында да осы бағытта интеллектуалды бейнебақылау жүйелері қолданылып келеді. Олар айналадағы ахуалды жай ғана таспаға түсіріп қоймай, заң бұзушылықтарды танып, қауіпті жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.



Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық дәуірде қауіпсіздік жүйесіне қойылатын талап та өзгерді. Бұрын бейнебақылау камералары оқиғаны тіркейтін қарапайым құрал болса, қазір интеллектуалды жүйелердің көмегімен бейнежазбаларды саралап, қажетті ақпаратты жедел анықтауға жол ашылды. Әсіресе, құқық қорғау органдары үшін уақытты үнемдеп, оқиғаға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік беретін маңызды тетік.

Қарағанды қаласында интеллектуалды қауіпсіздік инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріліп отыр. Қалада 811 бейнебақылау камерасы бейнеаналитика модульдеріне қосылған. Бұл жүйелер жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылауға, қоғамдық орындардағы ахуалды бағалауға және ықтимал қауіптің алдын алуға бағытталған.

– Интеллектуалды камералардың басты ерекшелігі – оқиғаны жай ғана тіркеуде емес, заңға қайшы әрекетті дер кезінде анықтауында.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **499.54** ●USD/KZT **447.14** ●RUB/KZT **5.46** ●CNY/KZT **67.03**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 9 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Тазалық пен татулық

Туған жердің тазалығын сақтау, елдімекендерді көркейтіп, көгалдандыру – көпшілікке ортақ міндет. Осы игі мақсатты арқау еткен «Бірлік – Таза Қазақстан үшін» экологиялық акциясы облыста кең көлемде ұйымдастырылды. Молодежный, Жансары елдімекендері мен оларға іргелес аумақтарда өткен акцияға екі мыңға жуық тұрғын, еріктілер, қоғам белсенділері мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысып, қоршаған ортаны абаттандыруға атсалысты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі бастамаға Қазақстан Халық Кеңесінің төрағасы Ерлан Қошанов, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Бірлік» қоғамдық тобының мүшелері, республикалық этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың жетекшілері де қолдау білдіріп, көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» бастамасының бір реттік науқан болып қалмай, қоғамның күнделікті өмір салтына айналуы қажеттігін бірнеше мәрте атап өткен болатын. Президент Жолдауында көтерілген қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәселесі де осындай игі істер арқылы жүзеге асуда. Бұл ретте табиғатқа жанашырлық таныту мен қоғамдық тәртіпті сақтау әр азаматтың жеке жауапкершілігінен басталады, – деді «Бірлік» қоғамдық тобының төрағасы Иван Георгиади.

Акция барысында Молодежный кентіндегі мәдени-сауық орталығының аумағына 500 түп қылқанжапырақты көшет егілді. Ұйымдастырушылар жас ағаштардың жергілікті климатқа бейімделіп, тамыр жаюына ерекше назар аударды. Жасыл желекті көбейту – игі істің бастауы ғана. Оның нәтижелі болуы орныққан көшеттердің жерсініп, өсіп-жетілуіне тікелей байланысты. Әсіресе, табиғаты қуаң, ауа райы құбылмалы Сарыарқа өңірінде жас ағаштарды уақытылы суарып, күтіп-баптаудың маңызы зор. Сондықтан, көгалдандыру жұмыстарын алдағы уақытта да жүйелі жалғастырып, жасыл желектің сақталуына тұрақты көңіл бөлу қажет. Бұл ретте жергілікті тұрғындар мен қоғамдық ұйымдардың бірлесе әрекет етуі ортақ істің нәтижелілігін арттыра түспек. Өйткені, табиғатты аялау мәдениеті бір күндік шарамен емес, күнделікті қамқорлық пен жауапкершілік арқылы қалыптасады. Ауқымды шараны ұйымдастыруда Қазақстан Халық Кеңесі жанындағы «Бірлік» қоғамдық тобының үлесі зор. Құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдерін топтастырған ұйым қоғамдық келісімді нығайтумен қатар, өңірлерді дамытуға және жалпыұлттық маңызы бар бастамаларды жүзеге асыруға атсалысып келеді.



– Мұндай игілікті істер азаматтардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаға құрметі мен жауапкершілігін сөз жүзінде емес, нақты іспен таныта-ды. Әсіресе, осындай бастамаларға жастардың белсенді қатысуы көңіл қуантады. Өйткені, туған жердің тазалығына бүгін жанашырлық танытқан жас ертең елінің өркендеуіне де бейжай қарамайды. Қазақстан Халық Кеңесінің қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі де – қоғамдағы ынтымақты нығайтып, өскелең ұрпақты елдік мүдде жолындағы ортақ істерге жұмылдыру. Жастардың бойына отаншылдық қасиетті сіңіру үшін оларға құрғақ насихаттан гөрі осындай өнегелі істердің мәнін ұғындырған әлдеқайда тиімді. Бүгін түрлі этнос өкілдері мен жас буынның бір мақсатқа ұйысуы – еліміздегі татулық пен қоғамдық келісімнің айқын көрінісі. Сондықтан, мұндай бастамалар бір реттік шарамен шектелмей, жастарды тәрбиелейтін, қоғамды ортақ құндылықтар төңірегіне топтастыратын игі дәстүрге айналуы тиіс, – деді Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Ақбаржон Исмаилов.

Экологиялық акцияға өңірдің агроөнеркәсіп саласында ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатқан «Евразия Инвест LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де ұйымдастырушылық қолдау көрсетті. Иван Георгиади жетекшілік ететін кәсіпорын бүгінде Осакаров ауданында көпсалалы агроөнеркәсіптік кешен қалыптастырып келеді. Жұмыс сапары барысында Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері аталған сүт-тауар фермасының тыныс-тіршілігімен танысып, көшет өсіретін тәлімбақтың жұмысын көрді. Компания алдағы уақытта да экологиялық бастамаларды қолдап, көгалдандыру шараларына қажетті көшеттермен қамтамасыз етуге дайын екенін білдірді.

Шара соңында «Бірлік» қоғамдық тобының өкілдері экологиялық акцияны жылына екі мәрте ұйымдастырып, тұрақты дәстүрге айналдыру жөнінде ұсыныс білдірді. Сонымен қатар, осы тәжірибені республиканың өзге өңірлеріне таратып, жергілікті этномәдени бірлестіктерді қоғамдық бастамаларға кеңінен тарту қажеттігі айтылды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ұқыптының ырысы ортаймайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс әкімі осы бағыттағы әзірлікті жандандыру қажеттігін атап өтті.

– Егін жинау науқаны аяқталғанымен, алдағы жұмыстарды кейінге қалдыруға болмайды. Қазірден бастап, күзгі жер өңдеу, тұқым қорын дайындау және оның сапасын тексеру жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Ауыл шаруашылығы техникасын да көктемгі дала жұмыстарына әзірлеуді қолға алу керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы аудан әкімдері мен жауапты басқармаға тұқымның қажетті көлемін жинақтап, сапасын тексеруге уақытылы тапсыруды, ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі жөніндегі есепті статистика органдарына ұсынуды міндеттеді. Сондай-ақ, шаруашылықтардың келер жылғы көктемгі және күзгі дала жұмыстарына қажетті дизель отынына өтінімдерін алдын ала беруін қамтамасыз ету тапсырылды.

Аппарат жиынында мал қыстату мәселесіне де айрықша назар аударылды. Облыстың табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты қыстату кезеңі қарашадан сәуірге дейін, яғни, алты айға созылатыны әмбеге аян. Сондықтан, малды шығынсыз қыстатып, көктемгі төлдету науқанына тыңғылықты дайындалу маңызды.


Жиынды қорытындылаған Ермағанбет Бөлекпаев ауыл шаруашылығы саласындағы белгіленген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Ал, тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебековке жүктелді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жылуы мол мекеме

ӘЛЕУМЕТ

Облыста мүгедектігі бар әрбір үшінші бала психоневрологиялық ауруға шалдыққан. Алайда, өңірде оларға кешенді көмек көрсететін мамандандырылған орталық болмағандықтан, жыл сайын 210 бала Астанаға жолдама алады. Енді бұл мәселені шешу үшін Қарағандыда 75 орындық Балаларды оңалту ұлттық орталығының филиалы ашылмақ. Жаңа мекеме жыл сайын мыңнан астам баланы стационарлық еммен, тағы екі мыңға жуығын амбулаториялық оңалтумен қамтуға мүмкіндік береді. Осылайша, арнайы күтім мен ұзақ мерзімді оңалтуды қажет ететін балаларға тұрғылықты жерінде сапалы медициналық, педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету көзделіп отыр.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

22-ші шағын ауданында салынып жатқан жаңа нысанның құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Ғимараттың жобасы балалардың денсаулық жағдайы мен ерекше қажеттіліктері ескеріле отырып әзірленген. Мұнда емдеу кабинеттерімен қатар, дене белсенділігін арттыруға, танымдық қабілеттерін жетілдіруге және әлеуметтік ортаға бейімделуге арналған арнайы орындар қарастырылған.

Кешен бірнеше өзара байланысқан бөліктен тұрады. Орталық блокта шыны шатырлы дене шынықтыру және акт залдары, сондай-ақ, арена орналасады. Оның айналасына медициналық, мамандандырылған және қызметтік бөлмелері бар алты екі қабатты корпус салынған. Негізгі ғимаратқа жалғасқан жеке бөлікте бассейн жабдықталады. Мұнда балалар суда емдік жаттығулар жасап, гидрокинезотерапиядан өте алады. Бұл әдіс тірек-қимыл аппараты бұзылған жеткіншектердің қозғалысын жақсартуға, бұлшық еттерін нығайтуға және дене белсенділігін арттыруға бағытталған.

Ғимараттың сыртқы аумағы да тәрбиеленушілердің қажеттілігіне бейімделмек. Онда қалқалары бар он ойын алаңы, дене шынықтыру аймағы және келушілерге арналған автотұрақ салынады. Ойын алаңдары балалардың қауіпсіз қозғалуына, таза ауада уақыт өткізуіне және өзара қарым-қатынас жасауына қолайлы етіп жабдықталады.

Болашақ филиалдың басты ерекшелігі – оңалту қызметінің бірнеше бағытты қамтуы. Мұнда дәрігерлер, педагогтер мен әлеуметтік сала мамандары бірлесе жұмыс істейді. Әр баланың денсаулық жағдайы мен жеке мүмкіндіктеріне қарай тиісті бағдарлама әзірленіп, емдеу және дамыту шаралары өзара сабақтастырылады.

Атап айтқанда, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, бассейндегі жаттығулар және аппараттық емдеу тәсілдері қолданылады. Сонымен бірге дефектолог мамандардың сабақтары, музыка терапиясы, ұсақ моториканы жетілдіруге арналған жаттығулар ұйымдастырылады. Монтессори кабинеттері мен шығармашылық шеберханалар да жұмыс істемек. Мұның бәрі балалардың қимыл-қозғалысын қалпына келтірумен қатар, ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау және күнделікті тұрмысқа қажетті дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мамандардың пікірінше, мұндай балалар үшін медициналық ем-шаралармен шектелу жеткіліксіз. Олардың өздігінен әрекет ету, айналасындағы адамдармен тіл табысуына, қарапайым тұрмыстық істерді меңгеруіне жағдай жасау да маңызды. Сондықтан жаңа кешенде денсаулықты нығайту мен әлеуметтік бейімдеу жұмыстары қатар жүргізілмек.

Құрылыстың барысымен танысу үшін Қарағанды облысына Балаларды оңалту ұлттық орталығының басқарма төрағасы Ажар Ғиният бастаған жұмыс тобы келді. Мамандар ғимараттың орналасуын, ішкі құрылымын және алдағы уақытта көрсетілетін қызмет түрлерін бағалады.

Ажар Ғиниятқызының айтуынша, жаңа нысан балаларға жан-жақты қолдау көрсетуге қажетті талаптарға сай келеді. Оның мүмкіндіктерін тек дәрігерлік емдеумен шектемей, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қызметтерді дамытуға да пайдалануға болады.

– Ғимарат оңалту орталығына, мультидисциплинарлық кешенді көмек көрсетуге жарамды. Мұнда тек медициналық оңалтуды ғана дамытып қоймай, түзету мектебін, әлеуметтік қызметтерді, түрлі шеберханаларды ұйымдастыруға болады. Балалардың емделіп қана қоймай, бейімделіп, қоршаған ортаға бейімделіп, келешектегі өмірлеріне көмектесетін дағдыларға ие болуы маңызды, – деп атап өтті Ажар Ғиният.



Өңірде осындай мекеменің ашылуының әлеуметтік маңызы зор. Психоневрологиялық аурулары бар балалардың бірқатарына ұзақ мерзімді бақылау, жүйелі түзету сабақтары мен арнайы мамандардың көмегі қажет. Ал, мұндай қызметтердің басқа қалада орналасуы ата-аналарға қосымша салмақ түсіреді. Жол жүру, уақытша баспана іздеу, баланы алып жүру мәселелері әсіресе бірнеше мәрте оңалту курсынан өтуге мәжбүр отбасылар үшін оңай емес.

Облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков те өңірде мұндай орталыққа сұраныс жоғары екенін атап өтті. Оның айтуынша, жобаны жүзеге асыру Мемлекет басшысының балаларды оңалтудың қолжетімді әрі сапалы жүйесін қалыптастыру жөніндегі тапсырмасымен тікелей байланысты.

– Мемлекет басшысы өңірлердің алдына балаларды оңалтудың кешенді орталықтарын ашу міндетін қойды. Бүгінде мұндай жалғыз орталық Астанада орналасқан. Тиісті медициналық қызметтердің жоқтығынан біз жыл сайын өңірге бөлінген квота бойынша 210 баланы жібереміз. Қарағандыда орталықтың ашылуымен бұл көмек біздің облыс тұрғындарына қолжетімді болады, – деді Ораз Тәуірбеков.

Филиалдың жұмысын ұйымдастыруға 150 маман тарту жоспарланған. Әртүрлі бағыттағы қызметкерлердің бір мекемеде еңбек етуі балаларға қажетті көмекті кешенді түрде көрсетуге жол ашады. Бұл ретте әр науқастың жеке ерекшелігі ескеріліп, оңалту шаралары оның денсаулық жағдайына сәйкес жүргізіледі.

Жобаның орындалуы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жеке бақылауында екенін айту керек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Елдіктің еңселі тұғыры

Мемлекеттік Тәуелсіздігіміз жарияланып, тарихтың жаңа кезеңіне қадам басқалы 35 жыл өтті. Осы уақыт аралығында еліміз дербес мемлекеттің іргесін бекітіп, әлемдік қауымдастықтан өз орнын айқындады. Ең бастысы, халқымыздың тарихи санасы жаңғырып, ұлттық болмысымызды бүтіндеуге кеңінен жол ашылды. Кеңестік кезеңде көмескі тартқан тарихи тұлғалардың есімі қайта жаңғырып, ел жадындағы елеулі оқиғаларға жаңаша баға берілді. Ана тіліміз, ата дәстүріміз бен рухани мұрамыз мемлекеттік тәуелсіздіктің берік тірегіне айналды. Бұл өзгерістер Қарағанды облысының қоғамдық-мәдени келбетінен де айқын көрініс тапты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды қадамдардың бірі – елдімекендер мен көшелердің тарихи атауларын жаңғырту. Бұл үрдіс Қарағанды өңірінде де жүйелі түрде жүзеге асты. Мәселен, 2001 жылы Қарағанды қаласындағы бұрынғы Совет ауданына Қаздауысты Қазыбек бидің есімі берілді. Ал, шаһардың басты күре жолдарының бірі кезінде Сталин, кейін Совет даңғылы аталып, 1992 жылы Бұқар жырау даңғылы болып өзгертілді. Сөйтіп, елдік пен ерлікті ту еткен ұлы тұлғалардың есімі туған топырағымен қайта қауышты.

Қала көшелерінің атауында да ұлттық сипат айқындала түсті. Бұрынғы Ленин көшесі Абайдың, Кривогуз көшесі Қасым Аманжоловтың есімін иеленді. Приканальная көшесіне Сарыарқа атауы берілді. Қазыбек Нұржанов, Нарманбет Төлепов секілді өңірге еңбегі сіңген азаматтардың есімдері де қала картасынан орын алды.

Әсіресе, Қарағандыдағы бұрынғы Октябрь ауданына Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның есімінің берілуі – Тәуелсіздік жылдарындағы тағылымы терең шешімнің бірі. 2021 жылы жүзеге асқан бұл өзгеріс ұлт азаттығы жолында аянбай күрескен Алаш арыстарының мұрасын ұлықтауға тың серпін берді. Өйткені, Әлихан Бөкейханның есімі – қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру тарихымен тығыз байланысты.

Ұлттық тұлғаларды ұлықтау білім мен мәдениет ошақтарында да жалғасын тапты. Қарағандыдағы №34 мектепке Алаш қайраткері, қазақтан шыққан алғашқы кәсіби заңгерлердің бірі Жақып Ақбаевтың есімі берілді. Қаныш Сәтбаев, Абай, Әлкей Марғұлан, Бауыржан Момышұлы сынды ұлт мақтаныштарының есімдері өңірдегі білім беру мекемелері мен қоғамдық орындарда кеңінен дәріптелуде. Мұндай бастамалар жас ұрпақтың тарихи танымын тереңдетіп, ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыруға қызмет етеді.

Тәуелсіздік жылдарында тарихи тұлғалардың еңселі ескерткіштері де бой көтерді. Қарағандыда Қаныш Сәтбаев, Қазыбек би, Қасым Аманжоловқа арналған ескерткіштер орнатылып, Қарқаралыда Мәди Бәпиұлының есімі ұлықталды. Күй өнерінің көрнекті өкілі Тәттімбет Қазанғапұлының есімі өнер колледжі мен туған ауылына берілді.

Туған өлкенің рухани байлығы тек тұлғалар есімімен шектелмейді. Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешіті, Ақтоғайдағы Беғазы қорымы, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері, Қоянды жәрмеңкесінің тарихи орны – Сарыарқаның сан ғасырлық шежіресінен сыр шертетін құнды мұралар. Ал, Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі халқымыз бастан өткерген зұлмат жылдардың ақиқатын кейінгі буынға жеткізіп келеді.

Тәуелсіздік ұлттық мәдениеттің де тынысын кеңейтті. Қазақтың дәстүрлі ән-күйі, шешендік өнері, шежіресі мен салт-дәстүрі қайта жаңғырып, рухани сабақтастықтың алтын арқауына айналды.

Түптеп келгенде, Тәуелсіздіктің 35 жылы – елдіктің еңсесін тіктеп, тарихи жадымызды жаңғыртқан тағылымды кезең. Ұлттың рухани тамыры тереңдеген сайын мемлекеттіліктің де тұғыры беки түспек. Сарыарқа төрінде қайта жаңғырған әрбір тарихи атау, ұлықталған әр тұлға, сақталған әр мұра – азаттықтың асыл жемісі. Ендеше, сол құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманаттау – тәуелсіз елдің ортақ парызы. Өйткені, өткенін ұлықтаған елдің ғана ертеңі еңселі болмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

Инфрақұрылым игілікке бастайды

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды басымдықтарының бірі ретінде инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне айрықша назар аударды. Президент заманауи әрі сенімді инфрақұрылым қалыптастыру халықтың тұрмыс сапасын жақсартудың, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі екенін атап өтті. Әсіресе, энергетика саласының әлеуетін арттыру, коммуналдық желілерді жаңарту, елдімекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және инженерлік инфрақұрылымды заман талабына сай дамыту міндеттері алдыңғы қатарға қойылды.



Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының бұл бағыттағы тапсырмалары «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасының мақсат-міндеттерімен өзара сабақтас.

2025-2029 жылдарға арналған Ұлттық жобаның негізгі мақсаты – энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңартып, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру. Жоба аясында тозығы жеткен инженерлік желілерді қайта жаңғырту, заманауи технологияларды енгізу, коммуналдық ресурстарды есепке алуды цифрландыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау көзделген. Нәтижесінде инженерлік инфрақұрылымның тозу деңгейін 40 пайызға дейін төмендету жоспарланып отыр.

Бұл міндеттердің маңызы Қарағанды облысы үшін де ерекше. Өңірдегі жылу, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және су бұру желілерінің жалпы ұзындығы 34 649 шақырымнан асады. Алайда, олардың басым бөлігінің пайдалану мерзімі ұзарып, тозу деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Қазіргі таңда инженерлік желілердің орташа тозу көрсеткіші 62,7 пайызды құрайды. Атап айтқанда, жылу желілерінің тозуы – 60,3 пайыз, сумен жабдықтау желілерінікі – 47,19 пайыз, су бұру желілерінікі – 75,3 пайыз, ал, электр желілерінікі 68,3 пайызға жеткен.

Әсіресе, су бұру жүйелеріндегі тозу деңгейінің жоғарылығы өзекті мәселелердің бірі. Себебі, кәріз желілерінің қалыпты жұмыс істеуі санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға және тұрғындардың жайлы өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Сондықтан, бұл бағыттағы инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңарту – уақыт талабы.

Осы орайда, 2025 жылдан Ұлттық жоба аясында облыста жалпы ұзындығы 151,3 шақырым инженерлік желіні қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Оның ішінде 14,9 шақырымы – жылу, 78,2 шақырымы – сукұбыры мен кәріз, 58,2 шақырымы электр желілеріне тиесілі. Бүгінгі күнге дейін 19,7 шақырым инженерлік желі қайта жаңғыртылды.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың басты мақсаты – ескірген құбырлар мен электр желілерін ауыстыру ғана емес, коммуналдық қызметтердің сапасын арттырып, тұрғындарды үздіксіз әрі қауіпсіз қызметпен қамтамасыз ету. Өйткені, инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі күнделікті тұрмысқа да, өңірдің өндірістік әлеуетіне де тікелей ықпал етеді.

Ұлттық жобаның тағы бір маңызды бағыты – коммуналдық саланы цифрландыру және ресурстарды тұтыну есебін автоматтандыру. Осы мақсатта Абай ауданында су тұтынуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу үшін «ақылды» су есептегіштерін орнатуға дайындық жұмыстары басталды. Жобаның құны 1,4 млрд теңгені құрайды. Мұндай технологиялар су ресурстарын тиімді пайдалануға, шығындарды азайтуға, есеп жүргізудің ашықтығын қамтамасыз етуге және коммуналдық қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Алдағы кезеңге арналған жобалар легі де ауқымды. 2027 жылы Ұлттық жоба аясында жалпы құны 70,7 млрд теңге болатын, ұзындығы 373,1 шақырымды қамтитын 19 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде жылумен жабдықтау саласында 4 жоба, сумен жабдықтау және су бұру бағытында 7 жоба, электрмен жабдықтау саласында 5 жоба қарастырылған.

Сонымен қатар, 343 млн теңгеге коммуналдық ресурстарды есепке алу құралдарын орнату бойынша 3 жоба ұсынылған. Жобаларды жүзеге асыру барысында отандық тауар өндірушілердің өнімдерін пайдалану да басты назарда. Бұл, бір жағынан, ұлттық өндірісті қолдауға ықпал етсе, екінші жағынан, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту кезінде сапалы отандық материалдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының су тасқыны және кәріз бөлімі жетекшісі Бақытбек Ақпаровтың айтуынша, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту – жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын маңызды жұмыс.

– Мемлекет басшысы Жолдауында көтерген инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі – бүгінгі күннің ең өзекті міндетінің бірі. Себебі жылу, су, электр энергиясы және кәріз жүйелері – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін негізгі салалар. Бұл бағыттардағы кез келген іркіліс халықтың тұрмыс сапасына әсер етпей қоймайды. Сондықтан, Ұлттық жоба аясында қолға алынған жұмыстардың маңызы зор. Облыста инженерлік желілердің жалпы ұзындығы 34 мың шақырымнан асады. Олардың тозу деңгейін төмендету үшін кешенді жұмыстар жүргізу қажет. Қазірдің өзінде жылу, су, кәріз және электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталып, бірқатар нысанда нақты нәтижелерге қол жеткізілуде. Алдағы жылдарға жоспарланған жобалар да осы жұмыстың жалғасы болмақ. Біз үшін ең бастысы – бөлінген қаражаттың тиімді игерілуі, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапалы орындалуы және нысандардың белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі. Сонымен қатар, коммуналдық ресурстарды есепке алудың заманауи жүйелерін енгізу арқылы саладағы ашықтық пен тиімділікті арттыруға басымдық беріліп отыр. Мұның барлығы түптеп келгенде, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға бағытталған, – дейді Бақытбек Ақпаров.

Шын мәнінде, инфрақұрылымды жаңғырту – инфрақұрылымды жаңғырта отырып, тұрғындардың қауіпсіздігі, денсаулығы, тұрмыстық жайлылығы және өңірдің экономикалық дамуы үшін жасалып жатқан маңызды қадам. Ескірген желілерді жаңарту арқылы апаттық жағдайлардың алдын алуға, ресурстардың ысырабын азайтуға және коммуналдық қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады.

Мемлекет басшысы айқындаған міндеттер мен Ұлттық жоба аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың түпкі мақсаты да осы. Облыс аумағында қолға алынған жобалар алдағы уақытта инженерлік инфрақұрылымның сапасын жақсартып, аймақ тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға негіз болмақ. Сол себепті, бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда, белгіленген жоспарға сәйкес жалғасын табады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жасанды интеллект жауапты

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жүйе жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылап, жылдамдық режимін бұзу, қиылыстардан өту тәртібін сақтамау, жол таңбаларының талаптарын орындамау және көлікті белгіленбеген жерге қою жағдайларын тіркей алады. Жаяу жүргіншілердің де жауапкершілігі назардан тыс қалмайды. Белгіленбеген жерден өту немесе бағдаршамның тыйым салу сигналына қарамастан жолға шығу сияқты әрекеттерді анықтау мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ, ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын рұқсат етілмеген орындарға тастау, қаруды тану функциялары да жүйеге енгізілген, – дейді Қарағанды облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жанат Қақажанов.

Мұндай мүмкіндіктердің құқық қорғау саласындағы маңызы зор. Кез келген құқық бұзушылықтың алдын алу үшін алдымен оны дер кезінде байқау қажет. Адам көзіне бірден түсе бермейтін жайттарды интеллектуалды жүйелердің анықтауы қауіпсіздік шараларының тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Бет-әлпетті тану технологиясы да осы міндетті орындауға бағытталған. Камералар азаматтардың бейнесін тиісті ведомстволық дерекқорлардағы мәліметтермен салыстырады. Егер жүйе іздеуде жүрген адамды таныса, бұл ақпарат құқық қорғау органдарына беріледі. Осылайша, цифрлық технологиялар іздестіру жұмыстарына да қосымша мүмкіндік ұсынып отыр.

Қалада қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісі бейнебақылау камераларымен ғана шектелмейді. Қазіргі уақытта полиция қызметіне роботтандырылған құрылғылар да енгізіліп жатыр. Соның бірі – қалада сынақтан өткен робот-иттер. Полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, бүгінде ведомство иелігінде қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына тартылатын екі «Робот-ит» бар. Роботтандырылған құрылғыларды пайдалану полицияның мүмкіндігін кеңейтіп, қауіпсіздік шараларын ұйымдастыруда қосымша құрал бола алады.

Жасанды интеллект мүмкіндіктері артқан сайын азаматтардың дербес деректерін қорғау мәселесі де өзекті бола түседі. Бет-әлпетті тану жүйелерінің жұмысы қоғам назарынан тыс қалмайды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен әр адамның жеке өміріне қол сұқпау қағидаттары өзара үйлесуі керек. Бет-әлпетті тану функциясы бар бейнебақылау камералары Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратурасының ведомстволық дерекқорларында мәліметтері бар, сондай-ақ, жедел қызығушылық тудыратын азаматтардың бейнесін есепке алып, тіркейді. Ал, камераның көру аймағына түскен азамат аталған дерекқорларда болмаса, оның фотосуреті сақталмайды. Сонымен қатар, жүйені жеткізуші ұйым Қазақстан Республикасының осы саладағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте цифрлық қауіпсіздік инфрақұрылымын дамыту дербес деректерді қорғау талаптарымен қатар жүргізілуі қажет.

Түптеп келгенде, жасанды интеллект – қауіпсіздік саласындағы адам еңбегін алмастыратын емес, оның мүмкіндігін арттыратын құрал. Технологияның көмегімен заң бұзушылықты дер кезінде анықтап, қоғамдық тәртіпті нығайтуға болады. Алайда, цифрлық жүйенің тиімділігі камера санымен ғана өлшенбейді. Оның нақты нәтижесі, ақпараттың қорғалуы, заң талаптарының сақталуы және азаматтардың құқығына құрмет көрсетілуі де маңызды. Технологияның түпкі мақсаты – бақылауды күшейту емес, қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету.

Мұндай технологияларды енгізу полиция қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқыс оқиғаларға әрекет ету жылдамдығын арттыруға да ықпал етеді. Дегенмен, жасанды интеллект анықтаған ақпаратты саралау, оның негізінде шешім қабылдау және заңдылығын бағалау адам жауапкершілігінде қала береді. Сондықтан, цифрлық құралдар мен полиция қызметкерлерінің үйлесімді жұмысы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты саналады.

ҚАРАҒАНДЫ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК ұжымы «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары Элеонора Қасқырбековна Омароваға туған ағасы

Бағдат МАГУЗОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сізге және отбасыңызға сабыр тілейміз. Марқұмның жаны жәннатта, жатқан жері жайлы болсын.

№370

• КЕШ

Жүректерді жыр кернеп...

Қарағанды ғана емес, тұтас республиканың назарын өзіне аударып, ықыласына бөленіп келе жатқан «Қарашада өмір тұр...» атты әдеби-сазды кеші биыл да өтті. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» дегендей, осы жолғысы бұған дейін ұйымдастырылған кештерге мүлдем ұқсамайды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен театрының режиссері Айдын Салбанның режиссерлігімен өткен әдеби-сазды кеште ақындар оқырманына актерлік қырын да көрсетті. Сұлтан Дәулетхан, Ерқанат Кеңесбекұлы, Жәлел Шалқар, Айнұр Жаппарқұлова, Салтанат Смағұлова, Салтанат Қайырбек, Тәңсәуле Әген, Нұрасыл Аманжол өз өлеңдерін образға еніп оқыды. Сәкен театрының актерлері бұл жолы драмалық шығарманың емес, ақын өлеңінің кейіпкерлеріне айналды.

Ерқанат Кеңесбекұлы мен Айнұр Жаппарқұлова және Салтанат Қайырбек ән шырқады. Ән де, өлең де, авторлар да бір тұтас болып, көрерменге Қарағанды күзінің бояуын айшықтады.

Кешті «Tattimband» ансамблі әуенмен сүйемелдеп, әншілері ән шырқады.

Әдеби-сазды кешті тамашалауға өңірдің атқа мінер азаматтары мен зиялы қауымы тамашалады. Тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Алма Шалабаева алған әсерімен бөлісті.

– Залға кіре салысымен-ақ күздің лебі сезілді. Сахнада сарғайған жапырақтар, ескі кітаптар, ал, экранда жаңбырлы терезе мен ыстық шайдың көрінісі. Бәрі үйлесімді. Кеш басталғанда музыка ойнады. Ақындар шығып, өз өлеңдерін оқыды. Әр өлең жүрегіме жетті. Бірі әсер берсе, бірі ойландырды, бірі тебірентті. Қараша – биыл жайлы, нағыз күз айы болып тұр. Бұл кеш сол қарашаның жылылығын аша түсті. Поэзия адамның жан дүниесін емдейді екен, – деді Алма Шалабаева.

Әдеби-сазды кешті Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының басшысы Жанат Жаңқашұлы төртінші жыл қатарынан ұйымдастырып отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТАҒЗЫМ

Есімі ескерткішке жазылды

Отандық химия ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, химия ғылымдарының докторы, профессор Болат Қасеновтің туғанына 80 жыл толуына арналған тағылымды шара өтті. Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының ғимаратында ғалымның құрметіне мемориалдық тақта орнатылып, оның өмір жолы мен ғылыми мұрасына арналған естеліктер жинағы таныстырылды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиынға көрнекті қоғам және ғылым қайраткерлері, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, ғалымның әріптестері мен шәкірттері, ғылыми және білім беру ұйымдарының өкілдері, жас зерттеушілер, сондай-ақ, туған-туыстары қатысты.

Жиында сөз сөйлеген облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы Болат Қоңырұлының отандық ғылымға сіңірген еңбегі мен кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасының маңызына тоқталды.

– Бүгін біз ғылым мен отандық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосып, өнегелі мұра қалдырған бірегей тұлға, көрнекті ғалым Болат Қасеновті еске алып, рухына тағзым ету мақсатында жиналып отырмыз. Бүгін – ағамыздың туғанына 80 жыл толған айтулы күн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел үмітін ақтаған, халықтың ықыласына бөленген тұлғаларды ұлықтау кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы екенін атап өткен болатын. Бүгінгі мемориалдық тақтаның ашылуы – осы құрмет пен азаматтық борышымыздың нақты көрінісі. Бұл тақта тек тасқа қашалған есім ғана емес, кейінгі жастар мен болашақ ұрпаққа қалдырылған үлкен ғибрат. Осындай маңызды шараны ұйымдастырып, ағамыздың есімін мәңгі есте қалдыруға атсалысқан барша азаматқа, ғалымның отбасы мен жақындарына алғысымызды білдіреміз. Болат Қоңырұлының жарқын бейнесі мен ғылыми мұрасы ел жадында мәңгі сақталады, – деді ол.

Болат Қасенов – саналы ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын отандық химия ғылымын дамытуға арнаған тұлға. Ол физикалық химия, химиялық термодинамика, термохимия, бейорганикалық және табиғи қосылыстардың физика-химиясы бағыттарында іргелі зерттеулер жүргізді. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен әрі тікелей қатысуымен жүзеге асқан зерттеулер Қазақстанда ғана емес, шетелдік ғылыми ортада да танылды.

– Болат Қасеновтің отандық ғылымға сіңірген еңбегі ерекше. Ол елу жылдан астам уақыт бойы Химия-металлургия институтында қызмет атқарып, мыңнан астам ғылыми еңбегін жариялады. Химиялық термодинамика саласының дамуына зор үлес қосты. Академик Евней Бөкетовтің ғылыми жолын жалғастырып, іргелі зерттеулерді өндіріспен және экономикамен ұштастыруға айрықша еңбек сіңірді. Ғалым қалыптастырған ғылыми мектеп пен зертхананың жұмысы бүгінде де жалғасып келеді. Оның ізін қызы, химия ғылымдарының докторы, профессор Шұға Қасенова жалғастырып, ұжыммен бірге жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Болат Қоңырұлының зерттеулері мен ғылыми мектебі алдағы уақытта да ел ғылымының дамуына үлес қосатынына сенімдіміз. Осындай айтулы күні зиялы қауым мен ғылым өкілдерінің бас қосып, көрнекті тұлғаның еңбегіне құрмет көрсетуі – кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге, – деді химия ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Әдекенов.

Мемориалдық тақтаның ашылуы – көрнекті тұлғаның есімін ұлықтап, оның ел ғылымына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа танытудың маңызды көрінісі. Ал, естеліктер жинағы ғалымның өмір жолын, ғылыми қызметін және әріптестері мен шәкірттерінің естеліктерін сақтауға мүмкіндік береді.

Болат Қасеновтің есімі мен ғылыми мұрасы отандық ғылым тарихында сақталып, жас ғалымдарға өнеге болары сөзсіз. Өйткені ғылымға ғұмырын арнаған тұлғаның еңбегі құндылығын жоғалтпайды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БОКС

Елімізде – екінші

Таразда бокстан ересектер арасындағы өткен ел чемпионатында Қарағанды облысының құрамасы 3 алтын, 3 күміс және 6 қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте II орынға тұрақтады.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, аталған чемпионат 30 қазан мен 6 қараша аралығында өткен. Оған еліміздің 20 өңірінен 369 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Тартысты бәсекеде алты қарағандылық боксшы ақтық кезеңге жолдама алған. Нәтижесінде, үшеуі қарсыластарын жеңіп, ел чемпиондары атанды. Атап айтсақ, 48 келіде Гүлназ Бөрибаева, 51 келіде Анита Адишева және 65 келіде сынға түскен Аида Әбікеева алтын медаль иеленді. Ал, 75 келіде бақ сынаған Әзиза Исина, 80 келіде Айдана Убайдуллақызы және 80 келіден жоғары салмақта өнер көрсеткен Дина Исламбекова күміс жүлдеге қол жеткізді.

Бұдан бөлек, Томирис Мырзақұл (51 келі), Нұрислам Бекен (55 келі), Алина Құдайгенова (57 келі), Аяжан Ермек (60 келі), Жасмин Қизатова (75 келі) және Нұрмағамед Юсупов (90 келі) сынды өңір спортшылары қола жүлдеге қол жеткізді.

– Ел чемпионатына осыдан үш жыл бұрын қатысып, алтын алған едім. Араға үш жыл салып тағы да үздік шықтым. Азия ойындарынан кейін «Ел чемпионатын жеңемін» деп мақсат қойып, арнайы дайындалдық. Бүгін төккен терімнің нәтижесінде тағы да бір мәрте ел чемпионаты атандым. Финалдық қарсыласым шымкенттік Лаура Есенгелді – тәжірибелі боксшы. Бұл қарсыласыммен төртінші мәрте кездесуім екен. Екеуміздің деңгейіміз бірдей десек те артық емес. Осы тұста маған жаттықтырушым керемет нұсқау беріп, тиісті тапсырмаларды жүктеді. Сол айтқан ақыл-кеңесінің арқасында қарсыласымды жеңдім, – деді жеңімпаз Аида Әбікеева.

Турнир қорытындысы бойынша 6 алтын, 4 күміс және 4 қола жүлде еншілеген алматылықтар жалпыкомандалық есепте топ жарды. Одан кейінгі сатыға Қарағанды облысының спортшылары табан тіресе, үздік үштікті Шымкент қаласының командасы түйіндеді. Олардың еншілерінде 3 алтын, 3 күміс және 1 қола жүлде бар.

Сурет Қазақстан бокс федерациясынан

• ХОККЕЙ

Үш дүркін үздік

Хоккейден Оңтүстік Кореяда өтіп жатқан Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Нәтижесінде, Қазақстан Ұлттық құрамасы биыл да қарсыластарын қапы қалдырып, Азия чемпиондары атанды. Ұлттық құрама сапында жеңіске жеткендердің қатарында қарағандылық «Сарыарқа» командасының да ойыншылары бар.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен ойыншылардың бірі – шабуылшы Александр Борисевич. Жерлесіміз 18 жасынан ел намысын қорғап, халықаралық додаларда тәжірибе жинақтап келеді. Ал, қорғаушы Эдуард Михайлов биыл екінші жыл қатарынан ұлттық құрама сапына шақырту алған. Қос жерлесіміз де Азия чемпионатындағы барлық кездесуде айдынға шығып, команданың жеңіске жетуіне өз үлесін қосты.

Сонымен қатар, «Сарыарқа» клубының мұз айдынынан тыс еңбек ететін мамандары да ұлттық құрамаға шақырту алған. Атап айтсақ, дәрігер – Иван Журбин, сервисмен – Святослав Гарт, массажист – Вадим Пономарёв те Ұлттық құраманың жеңіске жетуіне еңбегі сіңді.

Айта кетейік, ұлттық құрама чемпионаттағы алғашқы кездесуінде Жапония құрамасын 3:2 есебімен жеңсе, екінші ойында Қытай хоккейшілерінен 5:0 есебімен басым түсті. Ал, шешуші бәсекеде отандастарымыз Оңтүстік Корея құрамасымен ойнаған. Кездесудің үш кезеңінде де қос команда бір-біріне дес бермей, есепті тең ұстады. Ойынның негізгі уақытында жеңімпаз анықталмағандықтан, қосымша овертайм уақыты белгіленген. Алайда, овертаймда да қарсыластардың ешқайсысы басымдыққа ие бола алмады. Нәтижесінде, жеңімпаз буллит сериясында анықталды. Бұл сында отандастардың мерейі үстем түсіп, қарсыласынан айласын асырды.

Чемпионат қорытындысы бойынша күміс жүлде Жапония құрамасына бұйырса, Оңтүстік Корея үздік үштікті түйіндеді.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**
Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 3 140
№124 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН**